

Атом энергиясы саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 323 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және Сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 311 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 10 қазанда № 7246 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі төрағасының 2012 жылғы 14 қарашадағы № 23-пр және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 20 қарашадағы № 310 Бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Атом энергиясы агенттігі төрағасының 2012.11.14 № 23-пр және ҚР министрінің 2012.11.20 № 310 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.) Бірлескен бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабының 3-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған атом энергиясы саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті (Т.М.Жантикин):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.М. Жақсалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің міндетін атқарушы*

*Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму
және сауда министрінің*

_____ *А Рау* *міндетін атқарушы*

_____ *М. Құсайынов*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 15 қыркүйектегі № 323 Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 311 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Атом энергиясы саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы субъектілердің тексеру парағы

Органның атауы: _____

Тексеруді тағайындау туралы акті: _____

Тексерілетін субъектінің атауы: _____

Ұйымның мекенжайы: _____

№ р/с	Талаптар	Сәйкестігі		Ескерту
		иә	жоқ	
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы N 270 қаулысымен бекітілген Атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына және лицензиялау ережесіне сәйкестігі			
2.	Жүйелер мен жабдықтардың техникалық параметрлерінің, оларды пайдалану жағдайларының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі N 683 қаулысымен бекітілген «Атом станцияларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі			
3.	Жүйелер мен жабдықтардың техникалық параметрлерінің, оларды пайдалану жағдайларының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 шілдедегі N 684 қаулысымен бекітілген «Ядролық зерттеу қондырғыларының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі			
	Жүйелер мен жабдықтардың техникалық параметрлерінің, оларды пайдалану жағдайларының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30			

4.	шілдедегі N 768 қаулысымен бекітілген «Ядролық және радиациялық қауіпсіздік» техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігі			
5.	Атом энергиясын пайдаланатын объектілер жұмысшыларының жеке дозаларын есепке алуды қамтамасыз ету			
6.	Радиоактивті қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету			
7.	Ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық жағынан қорғауды қамтамасыз ету			
8.	Ядролық материалдар мен иондандаушы сәуле шығару көздерін есепке алуды қамтамсыз ету			
9.	Авариялық әзірлікті қамтамасыз ету			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК